

**«АҚЫЛ-ОЙЫ ЖӘНЕ ДЕНЕ БІТІМІ ДАМУЫНЫҢ БҰЗЫЛУЛАРЫ БАР
БАЛАЛАР МЕН ЖАСӨСПІРІМДЕРДІ ӘЛЕУМЕТТІК БЕЙІМДЕУ
ЖӘНЕ КӘСІБИ-ЕҢБЕКПЕН ОҢАЛТУ ОРТАЛАҒЫ»
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ**

педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының
білім беру бағдарламасы

**ПСИХИКАЛЫҚ ДАМУЫНДА БҰЗЫЛЫСТАРЫ БАР БАЛАЛАРДЫ
ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ ЖӘНЕ КЕҢЕС
БЕРУДІҢ ӘДІСТЕРІ МЕН ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ**

психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация беретін
арнайы педагогтарға (дефектологтарға)

МАЗМҰНЫ

1. Жалпы ережелер.....
2. Глоссарий.....
3. Бағдарламаның тақырыбы.....
4. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері
5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны.....
6. Оқу процесін ұйымдастыру
7. Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету
8. Бағдарлама нәтижелерін бағалау
9. Курстан кейінгі сүйемелдеу
10. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі

1. Жалпы ережелер

1. «Психикалық дамуында бұзылыстары бар балаларды психологиялық-педагогикалық зерттеу және кеңес берудің әдістемелері мен технологиялары» білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация (бұдан әрі – ПМПК) беретін арнайы педагогтардың (дефектологтардың) біліктілігін арттыру курсының мазмұнын регламенттейді.

2. ПМПК педагогтарының біліктілігін арттыру курстарын өткізудің өзектілігі мен қажеттілігі консультациялар қызметінің әлеуметтік-педагогикалық модельге көшуіне байланысты реформалануымен айқындалады. Қазіргі уақытта әлемнің көптеген елдерінде инклюзивті білім беруді дамыту мүмкіндігі шектеулі балалардың даму және оқыту мәселелерін бағалаудың әлеуметтік моделіне негізделіп жүзеге асырылуда. Қазақстан Республикасы БҰҰ-ның «Мүгедектердің құқықтары туралы» және «Білім беру саласындағы кемсітушілікке қарсы күрес туралы» конвенцияларын ратификациялай отырып, білім беру жүйесіне әлеуметтік-педагогикалық тәсіл қағидағтарын дәйекті түрде енгізуде.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инклюзивті білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 26 маусымдағы № 56-VII Заңына, сондай-ақ психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялар қызметін ұйымдастыру тәртібіне (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 31 наурыздағы № 59 бұйрығы) сәйкес ПМПК қызметі әлеуметтік-педагогикалық модель негізінде жүзеге асырылуы тиіс.

ПМПК қызметіндегі әлеуметтік-педагогикалық модель мыналар арқылы іске асырылады:

- ПМПК қызметінің жаңа бағыттарын енгізу: ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау және ерекше білім беру қажеттіліктері бар бала үшін оқытудың арнайы жағдайларын айқындау;

– баланың дамуындағы мәселелерді, оқыту, тәрбиелеу және әлеуметтік бейімделу қиындықтарын бағалауда психологиялық-педагогикалық үлестің артуы;

– ПМПК қорытындысында медициналық диагноздарды қолдануды болдырмайтын және білім беру мен психологиялық-педагогикалық көмектің көлемі мен сипатын айқындайтын ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың әлеуметтік-педагогикалық жіктемесін енгізу;

– балалардың дамуы мен тәрбиесіне қатысты ата-аналарға көрсетілетін консультациялық көмектің көлемін кеңейту.

Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация беретін педагог-дефектологтардың қажеттіліктерін талдау, инклюзивті білім берудің қазіргі даму жағдайында олардың кәсіби қызметінің біліктілігін арттыру қажеттілігін анықтап, балаларды оқыту мен тәрбиелеу мәселелерін психологиялық-педагогикалық диагностикалау және кеңес беруде заманауи тәсілдер мен технологияларды қолдану қажеттілігін көрсетті

Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация (ПМПК) педагогтерінің кәсіби қызметі бойынша біліктілікті арттыру курсының ең өзекті тақырыптары ретінде мыналар көрсетілді:

- психикалық дамуды педагогикалық диагностикалаудың заманауи әдістері;

- ерекше білім беру қажеттіліктері (ЕБҚ) бар баланың, ең алдымен, аутизмі бар балалардың отбасына кеңес беру;

- ЕБҚ бағалау және ЕБҚ бар балаларға қызмет көрсету саласындағы ПМПК қызметіне қатысты нормативтік-құқықтық құжаттар.

3. Білім беру бағдарламасы әлеуметтік-педагогикалық модель және педагогтің диагностикалық-консультациялық жұмысына заманауи тәсілдер негізінде балалардың ерекше білім беру қажеттіліктерін тексеру, кеңес беру, бағалау сияқты педагогикалық жұмыстың негізгі бағыттары бойынша ПМПК арнайы педагогтерінің кәсіби құзыреттілігін дамытуға бағытталған.

2. Глоссарий

Ұғым	Ұғымның анықтамасы
Инклюзивті білім беру (Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы)	инклюзивті білім беру – ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық білім алушылар үшін білім алуға тең қолжетімділікті қамтамасыз ететін процесс.
Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар (Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы)	тиісті деңгейдегі білім және қосымша білім алу үшін арнайы жағдайларға тұрақты немесе уақытша қажеттілігі бар адамдар (балалар)
Мүмкіндігі шектеулі бала (балалар) (Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі «Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медико-педагогикалық коррекциялық	туа біткен, тұқым қуалайтын, жүре пайда болған аурулардың немесе белгіленген тәртіппен расталған жарақаттардың салдарына байланысты тіршілік әрекеті шектелген дене және (немесе) психикалық бұзылыстары бар он сегіз жасқа дейінгі бала (балалар)

қолдау туралы» Заңы)	
Ерекше білім беру қажеттіліктері (Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы)	онсыз сапалы білім алу мүмкін емес оқу-дамыту процесіндегі көмек пен қызметтерге деген қажеттілік;
Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау (Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы)	білім алу үшін қажетті арнайы шарттарды анықтау
Білім алу үшін арнайы жағдайлар (Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы)	оқу бағдарламаларын, сондай-ақ арнайы, жеке-дамытушылық және түзету-дамытушылық бағдарламалар мен оқыту әдістерін, техникалық, оқу және өзге де құралдарды, тіршілік ету ортасын, психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді, медициналық, әлеуметтік және өзге де қызметтерді қамтитын, оларсыз ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдардың (балалардың) білім беру бағдарламаларын меңгеруі мүмкін болмайтын жағдайлар.
ЕБҚ бар балалардың мәселелерін бағалаудың және оларға көмек көрсетудің әлеуметтік-педагогикалық моделі	оқудағы қиындықтарды психологиялық-педагогикалық бағалауға және оқушының білім алу қажеттіліктерін анықтауға негізделген модель, ал оқыту – арнайы жағдайлар жасау арқылы жалпы білім беру процесіне қосуға негізделген.
Психологиялық-педагогикалық диагностика	мектепте оқытудағы қиындықтардың себептері мен сипатын белгілеуге және дамушы психологиялық көмектің бағыттарын анықтауға бағытталған психологиялық-педагогикалық әдістер, әдістемелер, тестілер кешені
Оқытудағы қиындықтарды психологиялық-педагогикалық жүйелеу	оқу әрекетінің бұзылыстарының себептері, көріністері мен сипатын бағалаудың психологиялық-педагогикалық критерийлеріне негізделген оқытудағы әртүрлі қиындықтарды жүйелеу.

Педагогикалық тексеру бағдарламасы	балаларды оқыту мен тәрбиелеудегі мәселелерді анықтау үшін тиісті принциптерді, әдістер мен әдістемелерді пайдалана отырып, балаларды тексеруді жүргізудің регламенттелген (белгіленген) процесі.
Психологиялық-педагогикалық кеңес беру	маманның баланың дамуы, оны оқыту және тәрбиелеу мәселелері туралы ақпарат ұсынуы және оларды еңсеру туралы нақты әрекеттер туралы ұсыныстар беруі.

Терминдердің өзектілігі мен бірмағыналылығы олардың Қазақстан Республикасының арнайы және инклюзивті білім беру саласындағы нормативтік-құқықтық құжаттарындағы соңғы өзгерістерге, заманауи арнайы педагогика мен психологияның ғылыми-терминологиялық анықтамаларына сәйкестігімен негізделген.

3. Бағдарламаның тақырыптары

4. «Психикалық дамуында бұзылыстары бар балаларды психологиялық-педагогикалық зерттеу және кеңес берудің әдістемелері мен технологиялары» тақырыбы бойынша психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациясының (ПМПК) арнайы педагогтеріне арналған біліктілікті арттыру курстары білім беру бағдарламасының өзектілігі педагогтердің өз кәсіби қызметінің мазмұнын ПМПК-ның әлеуметтік-педагогикалық моделі негізінде зерделейтіндігімен негізделеді. Бұл зерттеу арнайы және инклюзивті білім беру саласындағы ерекше білім беру қажеттіліктерін (ЕБҚ) бағалау мен тексеру жүргізу тәртібіне, сондай-ақ білім беру ұйымдарында ЕБҚ бар балалар үшін арнайы оқу жағдайларын анықтауға қатысты нормативтік-құқықтық құжаттардағы соңғы өзгерістер (2024-2025 жж.) аясында жүргізіледі. Бағдарламада психологиялық-педагогикалық диагностика дамуының қазіргі кезеңіндегі өзекті әдістерді және мүмкіндігі шектеулі балалардың түрлі санаттарын психологиялық-педагогикалық тексеруден өткізу технологияларын зерделеу қарастырылған.

Бағдарламаның жаңалығы алғаш рет әзірленген, заманауи тәсілдерге және ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды диагностикалау мен кеңес берудің психологиялық-педагогикалық технологияларына негізделген оқудағы қиындықтардың психологиялық-педагогикалық жүйеленуін зерделеуде болып табылады. ПМПК педагогтерінің біліктілікті арттыру курстарының бағдарламасында алғаш рет мүмкіндігі шектеулі балалардың, оның ішінде аутизмі бар балалардың ата-аналарына психологиялық-педагогикалық кеңес беру мәселелері қарастырылады және ПМПК-дағы консультациялық жұмыстың стратегиялары, тактикалары мен әдістері зерделенеді.

Курстың практикалық маңыздылығы оқытудың заманауи интерактивті формалары мен әдістерін қолданумен анықталады: кейс-стади әдісі – бейнежазбадағы тексеру мен кеңес берудің диагностикалық жағдайларын талдау, диагностикалық есептерді шығару, кеңес беру алгоритмдерін әзірлеу; шағын топтардағы практикалық жұмыс және кейіннен ұжымдық жұмыстарды таныстыру, педагогтердің командалық жұмыс тренингі.

5. Бағдарлама келесі 11 тақырыпты қамтиды.

1-тақырып. Инклюзивті және арнайы білім беру саласындағы халықаралық және отандық заңнамалық база. ПМПК қызметін нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету.

2-тақырып. Инклюзивті білім беру жағдайындағы психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялар қызметінің негізгі бағыттары. ЕБҚ бар балалардың мәселелерін бағалаудың және көмек көрсетудің медициналық және әлеуметтік-педагогикалық моделі. ПМПК қызметін ұйымдастыру принциптері.

3-тақырып. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар топтары. ЕБҚ бар балалардың психологиялық-педагогикалық сипаттамасы.

4-тақырып. Білім беруде ерекше қажеттіліктердің түрлері. ПМПК жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктерді бағалау критерийлері.

5-тақырып. ПМПК қызметінің негізгі бағыттары. ПМПК-да кешенді тексеру мен кеңес беруді жүргізудің жалпы принциптері мен тәртібі.

6-тақырып. Ерте жастағы балаларды педагогикалық тексеру және кеңес беру бағдарламасы.

7-тақырып. Мектепке дейінгі балаларды педагогикалық тексеру және кеңес беру бағдарламасы.

8-тақырып. Мектеп жасындағы балаларды педагогикалық тексеру және кеңес беру бағдарламасы.

9-тақырып. Аутизмі бар балаларды педагогикалық тексеру және кеңес беру бағдарламасы.

10-тақырып. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың оқудағы қиындықтарын психологиялық-педагогикалық жүйелеу және оны ПМПК-дағы психологиялық-педагогикалық диагностикада қолдану.

11-тақырып. ЕБҚ бар балаларды диагностикалаудың және оларға арнайы педагогикалық көмек көрсетудің заманауи әдістері мен технологиялары.

4. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері

6. Біліктілікті арттыру бағдарламасының мақсаты – психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның арнайы педагогтарының (дефектологтар) ЕБҚ бар балаларды диагностикалау мен кеңес берудің заманауи тәсілдері мен технологияларын пайдалана отырып, негізгі бағыттар бойынша: балаларды тексеру, кеңес беру, олардың ерекше білім беру қажеттіліктерін анықтау (бағалау) бойынша кәсіби құзыреттілігін дамыту.

7. Бағдарламаның міндеттері:

1) Тыңдаушылардың бойында ПМПК-ның балаларды педагогикалық зерттеу және консультация беру, сондай-ақ ерекше білім беру қажеттіліктерін анықтау бойынша қызметін ұйымдастыру кезінде Қазақстан Республикасының заңдары мен заңға тәуелді актілерінің білім беру саласындағы нормалары туралы білімдерін пайдалану қабілетін қалыптастыру;

2) ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың мәселелерін бағалау мен оларға көмек көрсетудің әлеуметтік-педагогикалық тәсілі негізінде инклюзивті білім беру жүйесіндегі ПМПК қызметін ұйымдастырудың негізгі бағыттары мен принциптерін ашу;

3) ерекше білім беруді қажет ететін балалар тобымен таныстыру; оқыту қиындықтарын психологиялық-педагогикалық жүйелеу;

4) белгіленген критерийлерге және пәнаралық тәсіл қағидаттарына сәйкес балалардың білім беруде ерекше қажеттіліктерін бағалау дағдыларын қалыптастыру;

5) тыңдаушыларды ерте, мектепке дейінгі және мектеп жасындағы, сондай-ақ аутизмі бар балаларды психологиялық-медициналық-педагогикалық тексеру және кеңес беру бағдарламаларымен (алгоритмдерімен) таныстыру;

6) ПМПК-дағы педагогикалық диагностикада ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқытудың қиындықтарды психологиялық-педагогикалық жүйелеуді (систематизациясын) үйрету;

7) дамуында түрлі бұзылыстары бар балалардың ата-аналарына кеңес беру (консультация беру) дағдыларын қалыптастыру;

8) тыңдаушыларды дамуында бұзылыстары бар балаларды диагностикалаудың және оларға арнайы педагогикалық көмек көрсетудің заманауи әдістерімен және технологияларымен таныстыру.

8. Оқудан күтілетін нәтижелер. Тыңдаушылар:

1) балаларды психологиялық-медициналық-педагогикалық тексеру, кеңес беру және білім беруде ерекше қажеттіліктерін анықтау бойынша ПМПК қызметін ұйымдастыру тәсілдеріне нормативтік-құқықтық негіздеме беруге қабілетті;

2) мәселелерді бағалау және ерекше білім беруді қажет ететін балаларға көмек көрсетуде әлеуметтік-педагогикалық тәсіл негізінде инклюзивті білім беру жүйесіндегі ПМПК қызметінің бағыттары мен қағидаттарын біледі;

3) ерекше білім беруді қажет ететін балалар топтарын ажыратады; оқытудағы қиындықтардың түрлері мен себептері;

4) белгіленген критерийлер және пәнаралық тәсіл қағидаттарына сәйкес балалардың білім беруде ерекше қажеттіліктерін бағалау дағдыларын меңгереді;

5) әлеуметтік-педагогикалық модель негізінде ерте, мектепке дейінгі, мектеп жасындағы балаларды, сондай-ақ аутизмі бар балаларды ПМПК-да тексеру және оларға кеңес беру бағдарламаларын біледі;

6) ПМПК-дағы педагогикалық диагностикада ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқытудағы қиындықтарды психологиялық-

педагогикалық жүйелеуді қолданады;

7) дамуында түрлі бұзылыстары бар балалардың ата-аналарына кеңес беру дағдыларын меңгерген;

8) дамуында бұзылыстары бар балаларды диагностикалаудың және оларға арнайы педагогикалық көмек көрсетудің заманауи әдістері мен технологияларын біледі.

5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

9. Бағдарлама 5 модульден тұрады: нормативтік-құқықтық, психологиялық-педагогикалық, мазмұндық, технологиялық, вариативті.

10. Нормативтік-құқықтық модуль

1-тақырып: Инклюзивті білім беру саласындағы халықаралық және отандық заңнамалық база: «инклюзивті білім беру» ұғымын барынша әділ, кемсітушілік сипаты жоқ қоғамның негізі ретінде заманауи түрде түсіндіру. Инклюзивті білім берудің халықаралық құқықтық негіздері: Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы (БҰҰ, 1948); БҰҰ-ның «Білім беру саласындағы кемсітушілікке қарсы күрес туралы» Конвенциясы, 1960; БҰҰ-ның «Бала құқықтары туралы» Конвенциясы, 1989; БҰҰ-ның «Мүгедектердің құқықтары туралы» Конвенциясы, 2006; ҚР-ның Конституциясы, ҚР-ның заңдары: «Бала құқықтары туралы», «Білім туралы», «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы»; «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инклюзивті білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы», Жалпы білім беру, арнаулы ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары, психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялар, ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидалары, «Мүмкіндігі шектеулі балаларға психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялық көмек көрсету және тексеру» мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары және ПМПК-ның денсаулық сақтау және әлеуметтік қорғау ұйымдарымен өзара іс-қимыл тәртібін реттейтін осы ведомстволардың нормативтік-құқықтық құжаттары.

11. Психологиялық-педагогикалық модуль:

3-тақырып. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушы топтарының сипаттамасы: дамуында бұзылыстары бар балалар; жекелеген психикалық функцияларының бұзылуына байланысты оқуда қиындықтары бар балалар; мінез-құлық және эмоционалдық проблемалары (гиперактивтілік және зейін тапшылығы синдромы, аутистік спектрдің бұзылуы) бар балалар; білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қағидаларында ұсынылған қолайсыз әлеуметтік, психологиялық, экономикалық, лингвистикалық, мәдени факторларға байланысты ерекше білім беру қажеттіліктері туындаған балалар.

10-тақырып. Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды оқытудағы қиындықтардың психологиялық-педагогикалық жіктемесі және оны ПМПК-да

психологиялық-педагогикалық диагностика барысында қолдану. Оқытудың негізгі қиындықтарының қысқаша сипаттамасы: жұмыс қабілеттілігінің төмендігі (жұмысқа баяу кірісу; сабақ барысында немесе күні бойы қабілетінің тез сарқылуы немесе ауытқуы); қызметті ерікті түрде реттеу, жоспарлау және бақылаудың жеткіліксіздігі (зейіннің бөлінуі, мазасыздық және импульсивтілік; тапсырманы орындауда, оның шарттарын және мақсатын түсінудегі қиындықтар); естіген ақпаратты өңдеудегі қиындықтар (толық және жылдам сөйлеуді баяу қабылдау. Сұрақты түсіну үшін уақыт керек. Тыңдау кезінде шаршау – есту зейінінің төмендеуі – сөйлеу тілін түсінудегі қиындықтар); көру және кеңістікті көру арқылы алған ақпаратты өңдеудегі қиындықтары (кеңістікі бағдарлау және кеңістіктегі қатынастарды білдіретін сөздерді түсінудегі қиындықтар: оңға-солға, алдында- артында; үстінде- астында. Қағаз бетіні бағдарлау қиындықтары, жолдың басын табу, жолды сақтау және т.б.). ПМПК-да психологиялық-медициналық- педагогикалық тексеру барысында балаларды оқытудағы қиындықтарды анықтау және бағалау.

12. Мазмұндық модуль:

2-тақырып. Инклюзивті білім беру жағдайындағы және әлеуметтік-педагогикалық модельге көшу кезеңіндегі психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялардың қызметі. ЕБҚ бар балалардың мәселелерін бағалау мен оларға көмек көрсетудің медициналық және әлеуметтік-педагогикалық модельдерін салыстыру. Медициналық модель оқу мәселелерін баланың бойындағы бұзылыстардан көреді; даму мәселелерін және оқудағы қиындықтарды бағалау — медициналық диагноздар түрінде жүргізіледі, ал оқыту — арнайы білім беру ұйымдарында сегрегациялау (оқшаулау) және даму бұзылуларын түзету болып табылады. Әлеуметтік-педагогикалық модель баланың оқудағы қиындықтарын қоршаған орта факторларымен байланыстырады; бағалау — ерекше білім беру қажеттіліктерін анықтауға бағытталған; оқыту — ЕБҚ бар білім алушылар үшін арнайы оқу жағдайларын жасай отырып, оларды жалпы білім беру процесіне қосуды көздейді.

Инклюзивті білім беру жағдайындағы психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялар қызметінің негізгі бағыттары. ПМПК қызметін ұйымдастыру принциптері: пәнаралық, отбасыға бағдарланған және әлеуметтік-педагогикалық тәсілдер. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды әлеуметтік-педагогикалық жүйелеу: есту қабілеті бұзылған (нашар еститін және естімейтін), көру қабілеті бұзылған (нашар көретін және көрмейтін), зияты, сөйлеуі, тірек-қимыл аппараты бұзылған, қарым-қатынас және әлеуметтік өзара іс-қимыл (аутизм) бұзылған; мінез-құлқы бұзылған, психикалық дамуы тежелген, күрделі бұзылыстары бар балалар.

4-тақырып. Ерекше білім беру қажеттіліктерінің түрлері. ПМПК жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау критерийлері. Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларында белгіленген критерийлер негізінде ерекше білім беру қажеттіліктерінің сипаттамасы: оқу жоспары мен оқу бағдарламаларын өзгерту; вариативті, арнайы және баламалы оқыту әдістерін

қолдану; оқу нәтижелерін (оқушы жетістіктерін) бағалау тәсілдерін, критерийлерін және бағалау материалдарын өзгерту; оқулықтарды, оқу құралдарын таңдау, жеке оқу материалдарын дайындау; оқу нысанын таңдау; кедергісіз орта құру және оқу орнын бейімдеу; баланы қажетті компенсаторлық және техникалық құралдармен қамтамасыз ету; арнайы психологиялық-педагогикалық көмек (логопед, психолог, арнайы педагог: олигофренопедагог, сурдопедагог, тифлопедагог, педагог-ассистент, әлеуметтік педагог).

Білім беру ұйымдарында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқытудың арнайы жағдайларын ұйымдастыру және психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу бойынша ПМПК ұсынымдарын құрастыру.

13. Технологиялық модуль.

6-тақырып. Ерте жастағы балаларды психологиялық, логопедиялық, педагогикалық және медициналық-әлеуметтік тұрғыдан тексеру және оларға консультация беру бағдарламалары. Тексерудің жалпы тәртібі мен кезеңдері: отбасының сұранысы мен шағымдары; медициналық және әлеуметтік-психологиялық анамнезді жинау, кешенді тексеру, тексеру нәтижелерін талдау және қорыту; білім беру қажеттіліктерін бағалау, ПМПК қорытындысы мен ұсынымдарын дайындау; отбасына кеңес беру.

Ерте жастағы балаларды кешенді тексеруге байланысты шарттар, жабдықтар, ынталандырушы ойын материалы және қойылатын талаптар. Ерте жастағы балаларды медициналық және психологиялық-педагогикалық тексеру алгоритмі. Ерте жастағы балаларды тексеру әдістері, әдістемелері мен тәсілдері. Ерте жастағы баланың дене және психикалық дамуының барлық аспектілерін бағалау параметрлері мен критерийлері. Ерте жастағы баланың психикалық дамуындағы бұзылыстарының жіктемесі: ПМПК қорытындысы мен ұсынымдарын жасау. Ерте жастағы баланың отбасына кеңес берудің алгоритмі мен ерекшелігі. Жеке кеңес беру және дамудың үйге арналған бағдарламаларын дайындау.

7-тақырып. Мектеп жасына дейінгі балаларды педагогикалық тексеру және кеңес беру бағдарламалары. Мектеп жасына дейінгі балаларды педагогикалық тексеруді жүргізуге қойылатын талаптар, жағдайлар, жабдықтар мен ынталандырушы ойын материалдары. Мектеп жасына дейінгі балаларды тексеру әдістері, әдістемелері мен тәсілдері. Мектеп жасына дейінгі баланың дамуын бағалау параметрлері мен критерийлері. Мектеп жасына дейінгі балалық шақтағы жетекші іс-әрекет бұзылыстарын саралау: қорытынды мен ұсынымдарды құрастыру. ЕБҚ бар мектеп жасына дейінгі баланың отбасына кеңес беру алгоритмі мен ерекшелігі. Ауыр бұзылыстары бар (мүгедектігі бар) балаларға арналған жеке кеңес беру және үйден оқыту бағдарламаларын құрастыру.

8-тақырып. Мектеп жасындағы балаларды педагогикалық тексеру және кеңес беру бағдарламалары. Мектеп жасындағы балаларды педагогикалық тексеруден өткізудің шарттары, жабдықталуы, ынталандыру материалдары және қойылатын талаптар. Мектеп жасындағы балаларды тексерудің әдістері, әдістемелері мен тәсілдері. Мектеп жасындағы баланың дамуын педагогикалық

бағалаудың параметрлері мен критерийлері. Психологиялық-педагогикалық жүйелеуге сәйкес даму кемістіктері мен оқудағы қиындықтарды саралау: қорытынды мен ұсынымдар құрастыру. Мектеп жасындағы баланың отбасына кеңес берудің алгоритмі мен ерекшеліктері. Ата-аналарға, мұғалімдерге және білім беру ұйымдарының мамандарына баланың оқуы мен тәрбиесі бойынша жеке кеңес беру және жеке ұсынымдар әзірлеу.

9-тақырып. Аутизмі бар балаларды педагогикалық тексеру және кеңес беру бағдарламалары. Аутизмі бар балаларды педагогикалық тексеруден өткізудің шарттары, жабдықталуы, ынталандыру ойын материалдары және қойылатын талаптар. Аутизмі бар балаларды тексерудің әдістері, әдістемелері мен тәсілдері. Аутист баланың дамуын педагогикалық бағалаудың параметрлері мен критерийлері. ПМПК қорытындысын және ұсынымдарын құрастыру. Аутизмі бар баланың отбасына кеңес берудің алгоритмі мен ерекшеліктері. Жеке кеңес беру және үйде оқыту мен тәрбиелеудің бағдарламаларын құрастыру.

15. Курстық оқытудың ұзақтығы Бағдарлама тақырыбына сәйкес 80 академиялық сағатты құрайды.

14. Вариативті модуль.

11-тақырып. ЕБҚ бар балаларды диагностикалаудың және арнайы педагогикалық көмек көрсетудің заманауи әдістері мен технологиялары. Мектептегі оқу қиындықтарын тексеру мен бағалаудың нейропсихологиялық әдістері. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды дамыту, оқыту және тәрбиелеудегі проблемаларды жеңуде сенсорлық интеграция әдістерін, кинезиологиялық және нейропсихологиялық түзету әдістерін, баламалы қарым-қатынас әдістерін және әлеуметтік-педагогикалық әдістерді қолдану.

6.Оқу процесін ұйымдастыру

15. Курстық оқытудың ұзақтығы Бағдарлама тақырыбына сәйкес 80 академиялық сағатты құрайды.

16. Оқыту дәстүрлі аудиториялық (күндізгі) немесе қашықтан (онлайн), аралас оқыту форматында жүзеге асырылады. Аралас оқыту 2 кезеңде іске асады: қашықтан оқыту - 40 сағат, күндізгі оқыту - 40 сағат.

17. Білім беру процесі оқытудың әртүрлі формалары мен әдістерін қамтиды: дәріс, семинар, өздік практикалық жұмыс (білім беру қажеттіліктерін бағалау, нормативтік-құқықтық құжаттарға сәйкес ПМПК қорытындылары мен ұсынымдарын құрастыру), топтық практикалық жұмыс, мастер-класс (балаға педагогикалық тексеру жүргізу), кейс-әдісі (дамуында әртүрлі бұзылыстары бар балаларды педагогикалық тексеру нәтижелерін талдау), тренинг (мүмкіндігі шектеулі баланың отбасына кеңес беру, ПМПК педагогі қызметінің өзекті мәселелері бойынша ұжымдық тренинг).

18. ПМПК педагогтерінің Бағдарлама мазмұнын түсіну деңгейін арттыру үшін мыналар қарастырылған: әрбір дәрістен кейін өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтарға жауап беру түріндегі кері байланыс; ерекше білім беру қажеттіліктері

бар балалардың әртүрлі санаттарын тексеру бойынша бейнематериалдарды көрсету; өздік практикалық жұмыс нәтижелерін бірлесіп талқылау; ұжымдық жұмыстарды таныстыру, талқылау және рефлексия жасау арқылы топтық жұмысты кеңінен қолдану; педагогтердің командалық жұмыс тренингі.

7. Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету

19. Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету төмендегілерді қамтиды:

- 1) педагог кадрлардың біліктілігін арттыру бағдарламасы;
- 2) ерекше білім беру қажеттіліктерін терең бағалау мен нәтижелерін талдауға арналған үлестірмелі материалдар. Кешенді зерттеу нәтижелері бойынша ПМПК қорытындысы мен ұсынымдарын жасау үдерісін көрсететін үлестірмелі материалдар;
- 3) психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация мамандарының қызметін ұйымдастыратын және олардың жұмыс мазмұнын ашатын құжаттар пакеті.
- 4) ЕБҚ бар балалардың әртүрлі санаттарына арналған ПМПК қорытындысы мен ұсынымдарының үлгілері;
- 5) тыңдаушылармен кері байланыс парақтары, қорытынды бақылау және өздік жұмыс материалдары;
- 6) педагогикалық тексеру жүргізудің әдістері, әдістемелері мен алгоритмі, оның нәтижелерін талдау, баланың отбасына кеңес берудің әдістері, формалары мен тәсілдері, балаларды оқыту мен тәрбиелеу бойынша ұсынымдар әзірлеу жөніндегі мәтіндер, бейнематериалдар, әдістемелік ұсынымдар түріндегі ресурстық материалдар.

8. Оқу нәтижелерін бағалау

20. Тыңдаушылардың дағдыларын қалыптастыру және білімдерін бағалауды бақылау мақсатында: экспресс-сауалнамалар, өздік жұмыстар, қорытынды бақылау жұмыстары жүргізіледі. Өздік және бақылау жұмыстарына арналған тапсырмалар, кері байланыс үшін сауалнама парақтары, тест тапсырмалары курстың оқу-әдістемелік кешеніне (бұдан әрі – ОӘК) енгізілген.

21. Тыңдаушылардың білімін бақылау, бағалау ағымдағы және қорытынды бақылау арқылы жүзеге асырылады.

Қалыптастырушы бағалау аралық бақылау жүргізу, сондай-ақ білім мен дағдыларды түзету үшін қолданылады. Ол әрбір тақырып бойынша негізгі сұрақтарға ауызша немесе жазбаша жауап беру (өзін-өзі тексеру тапсырмалары), сондай-ақ практикалық тапсырмаларды орындау: ПМПК қорытындылары мен ұсынымдарын тексеру алгоритмі мен оның нәтижелерін талдауды құрастыру, ЕБҚ бар балалардың әртүрлі санаттарына педагогикалық қорытынды дайындау түрінде іске асырылады. Тапсырмаларды орындау барысында тыңдаушыларға топтық нысанда және жеке сұраныстар бойынша кеңес беру қамтамасыз етіледі. Оқытушы тыңдаушылардың тапсырмаларды кестеге сәйкес орындауын

бақылайды, тыңдаушы жұмысының сапасын жақсарту жолдарын көрсете отырып, толық кері байланыс береді.

Бағалау әрбір тақырып бойынша ашық сұрақтарға жауап беру түрінде жүргізіледі, бұл курста алынған ақпаратты түсінгенін және терминологияны дұрыс қолданылуын бақылауға мүмкіндік береді. Жетістіктерді бағалау үшін модульде оқытылатын әрбір тақырыпқа 2 сұрақтан келетін сұрақтар банкі әзірленген. Әр сұрақтың тексеруге және өзін-өзі тексеруге арналған жауап эталоны бар. Жауаптың дұрыстығы мен толықтығы бағаланады. Қате жауап – 0 балл, толық емес жауап – 1 балл, дұрыс және толық жауап – 2 балл деп бағаланады. Қорытынды бақылау жұмысы кемінде 20 балл (50%) жиналған жағдайда есептелді деп саналады.

Қорытынды бақылау жұмысының орындалуы келесі критерийлерге сәйкес бағаланады: іске асырылмады (дұрыс жауаптар ұсынылмаған), ішінара іске асырылды (дұрыс жауаптар 50%-дан кем), орташа деңгейден жоғары іске асырылды (дұрыс жауаптар 50%-дан 70%-ға дейін), толық іске асырылды (дұрыс жауаптар 70-100%). Қорытынды тестілеуден өту және біліктілікті арттыру курсы аяқтау үшін кемінде 70% дұрыс жауап жинау қажет. Қорытынды бақылау жұмысының нәтижелері негізінде курстан кейінгі сүйемелдеу кезеңіндегі консультациялардың мазмұны жоспарланады.

9. Курстан кейінгі қолдау

22. Тыңдаушыларды курстан кейінгі қолдауды іске асырудың түрлері:

1) курстан кейінгі практикада педагогтің кәсіби құзыреттіліктерін дамытудың жеке траекториясы жоспарын құру (курстың соңғы күнінде «Курстан кейінгі практикада педагогтің кәсіби құзыреттіліктерін дамытудың жеке траекториясын жоспарлауға арналған іс-шаралар тізбесі» негізінде құрылады және оқытушымен келісіледі);

2) курста алынған ақпаратты өз тәжірибесіне енгізуді таныстыру бойынша вебинарлар;

3) жеке және топтық онлайн-консультациялар;

4) мәтіндік және бейнематериалдарды пайдалана отырып, әдістемелік сүйемелдеу;

5) өз тәжірибесін өзгерту және сабақты зерттеу нәтижелері бойынша дөңгелек үстел ұйымдастыру.

Тыңдаушыларды курстан кейінгі қолдауды іске асыру үшін Zoom платформасын, электрондық поштаны, мобильді байланысты және әлеуметтік желілерді пайдалану жоспарлануда.

10. Негізгі әдебиеттер тізімі

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 1 қыркүйек 2022 жылғы "Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам" атты Қазақстан халқына Жолдауы.

2. Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы.

3. «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасын бекіту туралы (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі): Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысы.

4. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» № 319-III Заңы.

5. «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 Заңы.

6. «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI Заңы.

7. «Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі № 343 Заңы.

8. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инклюзивті білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 26 маусымдағы № 56-VII Заңы.

9. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын қоспағанда, тиісті типтегі және түрдегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 31 наурыздағы № 59 бұйрығының редакциясында).

10. Педагогтер лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығы (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 30 сәуірдегі № 98 бұйрығының редакциясында).

11. Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидалары мен бағдарламаларын бекіту туралы: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 4 бұйрығы (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 6 мамырдағы № 104 бұйрығының редакциясында).

12. Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің қағидаларын бекіту туралы: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 29 сәуірдегі № 92 бұйрығы.

13. Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгілік штаттарын бекіту туралы: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 21 шілдедегі № 224 бұйрығы (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 16 сәуірдегі № 77 бұйрығының редакциясында).

14. Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы: ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы (2023 жылғы 18 тамыздағы № 264 өзгерістері мен толықтыруларымен).

15. «Психологиялық-педагогикалық қолдау саласындағы жергілікті атқарушы органдар көрсететін мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету тәртібін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 27 мамырдағы № 223 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 28 ақпандағы № 33 бұйрығы.

16. «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығы (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 30 сәуірдегі № 98 бұйрығының редакциясында).

17. Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығы (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 30 сәуірдегі № 98 бұйрығының редакциясында).

18. Инклюзивті білім беру жүйесіндегі психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялар қызметін ұйымдастыру: әдістемелік ұсынымдар. – Алматы, 2020.

19. Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялардағы диагностикалау мен кеңес берудің ұйымдастырушылық-әдістемелік негіздері. – Алматы, 2023.

20. Эльконин Д.Б. Некоторые вопросы диагностики психического развития детей. Избранные психологические труды. - М.,1989.

21. Психолого-педагогическая диагностика. Учеб.пособ./ под ред. И.Ю. Левченко,С.Д.Забрамной.- М., 2003.

22. Диагностика психического развития в раннем детстве.- /под общ.ред. Р.А.Сулейменовой. 3-е изд. Учебно-методическое пособие., Алматы 2014.

23. Психолого-медико-педагогическое обследование детей дошкольного и младшего школьного возраста /Под общей редакцией кпн Р. А. Сулейменовой: Учебно-методическое пособие. 3- изд. Алматы, 2014.

24. Диагностика проблем обучения и воспитания детей раннего дошкольного и школьного возраста. Методические рекомендации для специалистов психолого-медико-педагогических консультаций/ авт.сост. А.К. Ерсарина. - Алматы 2014.

25. Детский аутизм. Диагностика и консультирование. Практическое руководство для специалистов психолого-медико-педагогических консультаций. /авторы- составители Ерсарина А.К. Айтжанова Р.К. / - Алматы – 2011.

26. Психолого-медико-педагогическое обследование детей с нарушениями опорно-двигательного аппарата. учебно-методическое пособие. Алматы.,2006.

27. Психолого-педагогическая диагностика трудностей школьного обучения: метод. рекомендации/ Ерсарина А.К. - Алматы: ННПЦ РСИО, 2024.

28. Индивидуализация учебно-воспитательного процесса школьников с особыми образовательными потребностями в общеобразовательной школе: метод. рекомендации/ Елисеева И.Г. - Алматы: ННПЦ РСИО, 2021. [Электронный ресурс <https://www.special-edu.kz/>]

29. Madina Suleimen. Роль и инструменты психолого-медико-педагогических консультаций в работе с детьми с РАС (аутизмом) — исследование о практике ПМПК (International Journal of Educational Sciences, 78(1). March 2024.

Қосымша әдебиеттер тізімі

30. Мүгедектердің құқықтары туралы декларация. Бас Ассамблеяның 1975 жылғы 9 желтоқсандағы 3447 (XXX) резолюциясымен қабылданды.

31. Мүмкіндігі шектеулі тұлғалар үшін тең мүмкіндіктер жасаудың стандартты қағидалары. БҰҰ Бас Ассамблеясының 48-сессиясында 1993 жылғы 20 желтоқсанда бекітілді.

32. Саламанка декларациясы және ерекше қажеттіліктері бар тұлғаларға білім беру: Ерекше қажеттіліктері бар тұлғаларға білім беру жөніндегі дүниежүзілік конференция. – Испания, 1994.

33. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын бекіту туралы: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 15 сәуірдегі № 74 бұйрығының редакциясында).

34. Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы: ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығы (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 3 шілдедегі № 193 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен).

35. Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы: ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы (ҚР Білім және ғылым министрінің 2025 жылғы 15 сәуірдегі № 74 бұйрығының редакциясында).

36. Обухова Л.Ф. Детская (возрастная) психология. – М., 1996.

37. Елисеева И.Г., Ерсарина А.К. Психолог-педагогическое сопровождение детей с особыми образовательными потребностями в общеобразовательной школе. Второе изд, испр. Алматы. 2023. [Электронный ресурс <https://www.special-edu.kz/>]

38. Жалпы білім беретін мектептердің 2, 5, 7-сыныптарында білім берудің жаңартылған мазмұнын енгізу процесіне мониторинг жүргізу. Талдамалық материал. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2017.

39. Зияты бұзылған білім алушыларға арналған оқу-әдістемелік кешендер. [//www.special-edu.kz](https://www.special-edu.kz)

40. Система комплексной оценки проблем психосоциального развития

детей раннего возраста/сост. А.К.Ерсарина, Р.К. Айтжанова, А.К. Кенжеева, Д.Р.Юлдабаева, А.Н. Токарева. – Алматы 2016. [Электронный ресурс <https://www.special-edu.kz/>]

41. Организационно-методические основы оказания помощи детям с двигательными и ментальными нарушениями/ Ерсарина А.К., Абдрахманова А.К., Токарева А.С. - Алматы: ННПЦ РСИО, 2024. [Электронный ресурс <https://www.special-edu.kz/>]

42. Самарина Л. В. Служба раннего вмешательства: новая форма оказания помощи и поддержки детям раннего возраста и их семьям.” (методическое пособие - Системная модель ранней помощи). Санкт-Петербургский институт раннего вмешательства», 2019.

43. Мухамедрахимов Р. Ж. Научные основы ранней помощи детям младенческого и раннего возраста и их семьям. Вестник Санкт-Петербургского университета. Психология - 2024.